

А.С. Токсеитова\*, PhD докторанты<sup>1</sup>

Е.Г. Князева, э.э.д., профессор<sup>2</sup>

А.К. Омарова, аға оқытушы<sup>3</sup>

Л.Н. Гумилев атындағы

Еуразия ұлттық университеті<sup>1</sup>

Нұр-Сұлтан қ., Қазақстан

Тұңғыш Ресей Президенті Б.Н. Ельцин атындағы

Урал федералдық университеті<sup>2</sup>

Екатеринбург қ., Ресей

Семей қаласының

Шәкәрім атындағы университеті<sup>3</sup>

Семей қ., Қазақстан

\* – негізгі автор (хат-хабарларға арналған автор)

e-mail: assel\_84@list.ru

### ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК САЛАСЫН ЗЕРТТЕУ ЖӘНЕ ТАЛДАУ

Қазіргі ғылыми қоғамда «әлеуметтік қамсыздандыру» және «әлеуметтік қорғау» ұғымдары бойынша пікірлердің айтарлықтай саралануы бар, сондықтан мақалада осы ұғымдардың мәнін теориялық түсіну мәселелері, олардың қатынасы мен айырмашылығы қарастырылады. Қазіргі заманғы әлеуметтік қамсыздандыру жүйесінің мәні қарастырылады, оның функциялары тұтастай қоғамда да, атап айтқанда халықты әлеуметтік қорғау жүйесінде де анықталады.

Мемлекеттің басым міндеттерінің бірі әлеуметтік жүйенің қызметін ұйымдастыру, атап айтқанда – әлеуметтік қорғау жүйесін дамыту арқылы азаматтардың әл-ауқатын қамтамасыз ету болып табылады. Азаматтарға зейнетақы және жәрдемақы түріндегі әлеуметтік төлемдердің мемлекет кепілдік берген түрлері көрсетілді. БҰҰ анықтаған өмір сапасына сәйкес өмір сүріп, дами алатын адам үшін ең төменгі материалдық және рухани игіліктер анықталды. Қазақстан Республикасындағы 2016-2020 жылдардағы әлеуметтік қорғауға арналған мемлекеттік бюджеттің шығыстары көрсетілген. Сондай-ақ, мақалада азаматтардың белгілі бір жағдайға (зейнеткер, мүгедектік, жұмыссыздық, асыраушысынан айырылу, бала туу, бала күтімі бойынша жұмыссыздық) көшуіне байланысты мемлекеттік, жергілікті бюджеттен және бюджеттен тыс қорлардан төленетін зейнетақы мен жәрдемақы алушылар қаражатының саны мен мөлшеріне талдау жүргізілді. Мақаланың мақсаты болып мемлекетіміздің әлеуметтік саласын зерттеу және талдау табылады.

**Кілт сөздер:** әлеуметтік қорғау, әлеуметтік қамсыздандыру, әлеуметтік көмек, әлеуметтік қызметтер, әлеуметтік саясат, экономикалық дағдарыс, ең төменгі күнкөріс деңгейі, зейнетақы, жәрдемақы, атаулы әлеуметтік көмек, мемлекеттік бюджет.

**Ключевые слова:** социальная защита, социальное обеспечение, социальная помощь, социальные услуги, социальная политика, экономический кризис, прожиточный минимум, пенсия, пособие, адресная социальная помощь, государственный бюджет.

**Keywords:** social protection, social assistance, social services, social security, social policy, economic crisis, subsistence income, pension, allowance, targeted social assistance, state budget.

**JEL classification:** H 55, I 38

**Кіріспе.** Мемлекеттің негізгі тапсырмасы – елдің экономикалық жағдайын жақсарту, ол өз кезегінде әлеуметтік бағдарламалар арқылы азаматтардың өмір сүру сапасын жақсартып, әлеуметтік саланың дамуын қамтамасыз етеді. Өйткені, кез-келген мемлекеттің экономикалық дамуының айнасы болып – сол мемлекеттің әлеуметтік саласы табылады. Сондықтан, мемлекетіміздің әлеуметтік саласын зерттеп,

оның жақсаруына үлес қосу немесе жақсартуға бағытталғын ұсыныстар беру әрдайым өзекті.

**Зерттеу әдістері.** Мақала жазудың мақсаты болып Қазақстан Республикасының әлеуметтік саласын зерттеу және талдау табылады. Мақаланы жазу барысында зерттеудің бақылау әдісі, салыстырмалы талдау, негізгі эмпирикалық әдістің мониторингі сияқты түрлері қолданылды. Талдауға Қазақстан Республикасының

стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігінің ұлттық статистика бюросының ақпараттық-аналитикалық жүйесінің көрсеткіштері пайдаланылды.

«Әлеуметтік қорғау» түсінігі әр сала ғалымдарымен әртүрлі анықталады. Мысалы:

- әлеуметтанушылар осы түсінікті жақсы өмір сүру сапасы деп және адамның еркін дамуын қамтамасыз ететін жүйе ретінде түсіндіреді;

- демографтар әлеуметтік қорғауды елдегі демографиялық жағдайды жақсартатын және дені сау, өркениетті ұлт қалыптастыруға көмектесетін жүйе деп түсіндіреді;

- экономика саласында әлеуметтік қорғау кедейліктің алдын алу тұрғысынан қарастырылады, яғни өздеріне тәуелсіз, анықталған себептерге байлансты табыс көздерінен айырылған жағдайда (жұмыссыздық, мүгедектік, бала күтімі, зейнеткерлік және т.б.) материалды ресурстармен қамтамасыз ету.

Әлеуметтік қорғау адамдардың өмір сүру деңгейі және сапасымен тығыз байланысты. Осыған сәйкес БҰҰ келесідей анықтамаларды ұсынды:

- ұлт денсаулығы;
- демографиялық ахуал;
- білім;
- тұтыну және жинақтау қорлары;
- жұмыспен қамту;
- тұрғын үймен қамсыздандыру;
- әлеуметтік қамтамасыз ету;
- адам бостандығы.

Әлеуметтік қорғаудың объективті қажеттілігі, ең алдымен, адамның биологиялық түр ретіндегі табиғатына байланысты. Адам әлеуметтік тұлға ретінде табиғи және өндірістік орта, жасы, денсаулығы, еңбекке қабілеттілігі сияқты сыртқы факторлардан тәуелділігі бар.

Әлеуметтік саясат аясы бұл – әлеуметтік теңсіздіктің теріс салдарын, әлеуметтік - экономикалық стрессті, қоғамдағы дағдарысты қабылданған заңдар мен әртүрлі бағдарламалар арқылы жұмсартатын мемлекеттік саясаттың бөлігі [1]. Әлеуметтік саланың маңыздылығын жете бағаламауға болмайды, өйткені мемлекеттік экономикалық саясатының негізгі компоненті болып әлеуметтік-экономикалық қатынастарды мемлекеттік реттеу табылады.

«Әлеуметтік қорғау» термині түсінігін талқылауда біраз сәйкессіздіктер бар. Мысалы, көптеген әдебиеттер мен мақалаларда әлеуметтік қорғау халықтың ең аз қамтылған топтарына материал-

ды көмек деп түсіндіріледі [2]. Бірақ әлеуметтік қорғау тек материалдық қауіпсіздікті ғана емес, сонымен қатар экономикалық тәуелсіздікті, әлеуметтік мәртебені, адамның денсаулығы, психикалық жайлылығын қамтамасыз еткен жағдайда ғана тиімді болатынына аз көңіл бөлінеді.

**Әдебиеттік шолу.** Д. Н. Ушаковтың сөздігінде қамтамасыз ету термині «адамның өмір сүруін қамтамасыз ету мақсатында берілеін ақша, өмірге қажетті материалдық құралдар» деп түсіндіріледі [3]. Қамтамасыз етуді «қамтамасыз ету», «қамсыздандыру» терминдерінің анықтамаларында көрініс табатын мақсатты әрекет үдерісі ретінде қарастыруға мүмкіндік береді.

«Қамтамасыз ету» терминнің сөздік анықтамаларына авторлармен келісе отырып, қамтамасыз ету күрделі жүйелік форма ретінде төмендегідей сипатталады:

- субъектінің қызмет етуі үшін қажетті және жеткілікті құралдардың жиынтығы;

- субъектіні міндеттерін, мақсатын немесе алдын ала белгіленген қызметтерін орындау үшін қажетті ресурстармен қамтамасыз етудің белгілі бір тәртібі;

- субъектінің қол жеткізген жай-күйі, олардың өмірлік белсенділігі мен қабілеттілігін, функционалдық мақсатын, қауіпсіздіктің қажетті деңгейін кепілдендірілген қамтамасыз етуде көрінеді.

В.И. Шариннің пікірі бойынша: «Әлеуметтік - экономикалық қатынастардағы, оның ішінде халықты әлеуметтік қорғауға қатысты түбегейлі өзгерістер, оның жаңа қызметтері бар әкімшілік құрылымдардың пайда болуы әлеуметтік қорғау саласындағы сапалы жаңа қоғамдық қатынастарды анықтау үшін «әлеуметтік қамсыздандыру» терминін қолдануға мүмкіндік бермейді. «Әлеуметтік қамсыздандыру» ұғымын заңнамалық тұрғыдан бекіту кездейсоқ емес. Сондықтан, бұл тұжырымдаманың өзі белгілі бір тарихи кезеңде орын алатын халықты әлеуметтік қорғаудың ерекше түрін анықтау үшін ғана қалдыру орынды болар еді» [4].

Жоғарыда келтірілген мәліметтерді талдай келе әлеуметтік қорғау көп қырлы ұғым және материалдық көмек пен қолдау әлеуметтік қорғау нысандарының бірі ғана ретінде қарастырылады деген қорытындыға келуге болады.

**Негізгі бөлім.** Көптеген мемлекеттерде экономикалық дағдарыстың әсерінен әлеуметтік саясатта жаңа әлеуметтік – экономикалық өз-

герістер бой алуға. Өзгерістер ондаған жылдар бойы қалыптасқан мемлекет пен жеке тұлға қатынасындағы құндылықтар жүйесінде байқалады.

Халықты әлеуметтік қорғау әлеуметтік саясаттың негізгі бағыттарын жүзеге асыру бойынша тәжірибелік қызметі болып табылады. Ол сәйкес нормативті құқықтық актілер, ақшалай және материалды ресурстардың негізінде жүзеге асырылып, тікелей ұйымдастырушылық жұмысты қажет етеді. Әлеуметтік қорғау екі аспектіде қарастырылады:

Кең мағынада қарастыратын болсақ, қоғам мен мемлекет қызығушылықтарын сәйкестендіру процесі ретінде сипатталады. Сонымен қатар, халықтың өмір сүру деңгейі саласында адамның әлеуметтік-экономикалық құқығы мен кепілін қамтамасыз ету саясаты болып табылады.

Егер тар мағынада қарастыратын болсақ, әлеуметтік қорғау осал топтардағы халықты әлеуметтік қорғау екенін білдіреді.

Мемлекеттің қоғамға көрсетіп отырған әлеуметтік қызметтері – бұл Қазақстан Республикасының бюджеттік жүйесінің барлық деңгейінің, бюджеттен тыс әлеуметтік қорлардың қаражатын «өтеусіз» қолжетімділік негізде әрбір азаматқа әлеуметтік - құқықтық статусына және табыс деңгейіне байланысты мемлекеттік заңмен бекітілген қоғамдық игіліктер жиынтығы [5].

Халықты әлеуметтік қорғау саласында формасын, қызметін, әдісін және тәсілін заң жүзінде регламенттеу қажет, сонымен қатар мемлекеттік органдардың халыққа көрсететін әлеуметтік қызметтерді сан және сапасы бойынша қызметін бағалау критерийлерін түзету және бекіту қажет. Осыған байланысты екі тәсілдің де аспектілерін нақты регламенттеу қажет.

Бірінші тәсілдің мағынасы адамды тұрып жатқан мемлекет қорғауы қажет.

Екінші тәсіл бойынша адам өзін өзі қорғауы қажет.

Осы тәсілдердің арасындағы айырмашылықтарын және ерекшеліктерін орнатқаннан кейін «мемлекет - адам» жүйесіндегі міндет пен жауапкершілік дәрежесін анықтауға болады және әлеуметтік қорғаудың конституциялық негізін, сонымен қоса оны тәжірибеде қолдану формалары мен тәртібін әзірлеуге болады.

Әлеуметтік қорғаудың негізгі құралдарының бірі болып барлық еңбекке қабілетті азаматтар үшін өз бетінше табыс алу мүмкіндігінің болуы табылады, яғни жұмыс орында-

рының болуы. Мемлекет біріншіден, еңбекке қабілетті азаматтар мамандығы бойынша жұмыс таппаған жағдайда кәсіби қайта даярлау және жаңа бағдарламалар енгізу арқылы еңбекпен қамтылу мүмкіндігін жасау керек. Екіншіден, мүгедектерге, зейнеткерлікке дейінгі жастағы азаматтарға, жұмыспен қамтылу деңгейі төмен ауылды мекендегі азаматтарға заң жүзінде бекітілген бағдарламалар арқылы мүмкіндіктер жасау қажет [6].

Әлеуметтік қорғаудың маңызды құралы ретінде адамның бүкіл өмірі бойы өмірлік жағдаяттарға және бекітілген күнкөріс минимумына сәйкес өтемақы төлемдер жүйесі арқылы жүзеге асатын оның табыстарын біріздендірілген реттілік болуы керек.

Әлеуметтік қамтамасыз ету жүйесінде мемлекеттік жәрдемақының мөлшері жыл сайын күнкөріс минимумының өсуіне немесе айлық есептік көрсеткіштің (АЕК) өсуіне байланысты ұлғайып отырады [7].

Мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақының мөлшері мемлекетіміздің «Қазақстан Республикасының мүгедектігі және асыраушысынан айрылуы бойынша мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақылар туралы» Заңымен бекітіледі және сәйкес қаржылық жылға республикалық бюджет туралы бекітілген күнкөріс минимумына тәуелді анықталады.

2019 жылдың 1 қаңтарында күнкөріс минимумының өзгеруіне байланысты мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақылар 5 % өсті. Мысалы, 2019 жылы мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақыны алушылардың орта жылдық мөлшері: мүгедектік бойынша – 517 822 адам, жәрдемақының орташа мөлшері - 42 667 теңге; асыраушысынан айырылуы жағдайында - 160 677 адам, жәрдемақының орташа мөлшері – 35 729 теңге.

2020 жылы республикалық бюджеттен 4 миллионнан астам адамға әлеуметтік жәрдемақыларды төлеуге (ынтымақты зейнетақыны, мемлекеттік базалық зейнетақыны төлеу, мүгедектік бойынша мемлекеттік базлық жәрдемақыны, бала тууға байланысты мемлекеттік бірреттік жәрдемақыны және т.б.) 3 434,8 млрд теңге бөлінді, оның ішінде атаулы әлеуметтік көмекті төлеуге 76,6 млрд теңге (Республикалық бюджеттен – 68,9 млрд теңге, жергілікті бюджеттен – 7,7 млрд теңге); мектеп жасына дейінгі балаларды кепілдендірілген әлеуметтік пакетпен қамтамасыз етуге 13,4 млрд теңге қарастырылған.



1-сурет. Қазақстан Республикасының 2016-2020 жылдарға арналған элеуметтік қорғауға бюджет шығыстарының көрсеткіштері, млрд тенге\*

\* Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігінің ұлттық статистика бюросының ақпараттық-талдау жүйесінің деректері бойынша жасалды [8]

1 суреттің көрсеткіштері бойынша елдегі элеуметтік қорғауға шығындар жыл сайын өсуде. Егер 2020 жылды 2016 жылмен салыстырса шығындар екі асеге өскен, яғни 1977,3 млрд. теңгеден 3777,8 млрд. теңгеге дейін. Элеуметтік

қорғауы 2020 жылғы шығын 2019 жылмен салыстырғанда 9 % артқан. Ал 2019 жылдың өсімі 2018 жылмен салыстырғанды 26 % құрайды. 2020 жылғы аз өсім мөлшері пандемия кезіндегі шектеу шараларымен байланысты болса керек.

1-кесте

**2020 жылдың қорытындысы бойынша элеуметтік қамсыздандырумен қамтылған халық саны\***

2,2 млн. зейнеткер	зейнетақы алады
1,8 млн. адам	мемлекеттік жәрдемақы алады
947,2 мың адам	элеуметтік төлемдер алады
1 млн. адам	зейнетақы жинақтарының бір бөлігін мақсатты түрде алуға құқық берілді
11,4 млн. адам	салымшылардың зейнетақы шоттары бар
936,2 мың адам (184,7 мың жанұя)	АӘК алады
218,2 мың бала (1-ден 6 жасқа дейін)	АӘК алады
217 мың бала (6-дан 8жасқа дейін)	
1,9 млн. адам	мемлекеттік жәрдемақы алады
282,5 мың ардагер	ӘМК алады
7 млн. адам	пандемияға байланысты төлемдер алды
344 мың мүгедек	техникалық құралдармен және оналту қызметтерімен қамтылған
649 мың адам	«Еңбек» мемлекеттік бағдарламасының қатысушылары болды
239 мың адам	жұмыспен қамтудың жол картасы бойынша жұмысқа орналастырылды

\* [www.primeminister.kz](http://www.primeminister.kz) көрсеткіштері бойынша құрастырылды [9].

2020 жылы халықты қосымша қолдау үшін зейнетақы мен мемлекеттік жәрдемақылар екі мәрте индекстелді. Бұл арттыру 4 миллионнан астам адамды қамтыды.

2020 жылдың 1 қаңтарынан бастап 131,7 мыңнан астам алымшыларға еңбекке қабілеттілігін жоғалтқан жағдайда, асыраушысынан және жұмысынан айырылған жағдайда

Мемлекеттік элеуметтік сақтандыру қорынан орташа есеппен төлемдер 50 % өскен. 2020 жылдың қорытындысы бойынша бес элеуметтік тәуекел бойынша элеуметтік төлемдерді 947,2 мың алушыларға МӘСҚ-нан 257,3 млрд. теңге төленді. 88,2 млрд. теңге АӘК алушыларына, 88,2 млрд. теңге ӘМК ардагерлерге бөлінді.

Жыл сайын елімізде 400 мыңнан астам

## Менеджмент және маркетинг / Менеджмент и маркетинг

нәресте дүниеге келеді. Ана мен баланы қолдау үшін республикалық бюджеттен және Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорынан бірқатар әлеуметтік төлемдер қарастырылған. 2020 жылы балалы отбасыларды қолауға бағытталған жәрдемақылар мен төлемдердің 8 түрі бойынша шамамен 1,8 млн. адам жалпы 635,3 млрд. теңге алды, бұл 2019 жылғы төлемдер сомасынан 71 % - ға (372 млрд. теңге) асып түсті.

Республикалық бюджеттен бала тууына байланысты біржолғы жәрдемақы; баланың 1 жасына дейінгі күтімі бойынша ай сайынға жәрдемақы; «Алтын алқа», «Күміс алқа» алқаларымен марапатталған немесе бұрын «Батыр Ана» атағын алған 1 және 2 дәрежелі «Ана даңқы» ордендерімен марапатталған көп балалы аналарға ай сайынғы жәрдемақы; көп балалы отбасыларға берілетін мемлекеттік жәрдемақы; мүгедек балаларды тәрбиелеп отырған тұлғалардың ай сайынғы жәрдемақысы; 18 жастан асқан бала кезінен бірінші топтағы мүгедектің күтіміне ай сайынғы жәрдемақы төленеді [10].

**Қорытынды.** Қорытындылай келе, халықты лайықты өмір сүру деңгейімен қамтамасыз ету мемлекетіміздің аса маңызды мақсаттарының бірі. Бүгінгі таңда Қазақстан

Республикасының Әлеуметтік кодексін әзірлеу басты тапсырма болып табылады. Жаңа кодекс қазіргі заманғы әлеуметтік қамсыздандыру саласында бім базасы қолжетімді, түсінікті болуы керек. Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі азаматтардың зейнетақы жинақтарын мақсатты алу мәселелерін шешу үшін барлық нормативтік құқықтық актілерді қабылдады. Бұл қоғам оң қабылдаған маңызды қадам.

Ана мен баланың, зейнеткердің, мүгедектің, асыраушысынан айырылғандардың, жұмыссыздардың әлеуметтік жағдайын жақсартуға бағытталған, оларды қоғамның белсенді мүшелері ету, олардың құқықтарын қорғау және мызғымас материалдық игіліктермен қамтамасыз ету бағдарламалары іске асуда.

Мемлекетіміз елдің экономикалық жағдайына тәуелсіз барлық әлеуметтік міндеттерін толық орындауда. Жыл сайын сатып алу қабілеттілігін сақтап қалу үшін инфляция деңгейі есебінен олардың мөлшері индекстелуде. Мемлекет жәрдемақы, зейнетақы түріндегі 39 әлеуметтік төлемдерді пандемия кезіндегі шектеу шараларынан туындаған дағдарысқа қарамастан ұдайы және кепілді түрде төлеп келеді.

### ӘДЕБИЕТТЕР

1. Бессчетнова О.В. Социальная политика и социальная защита в России: сущность и перспективы развития // Вестник Челябинского государственного университета. – 2007. – № 16. – С. 150-155.
2. Пронина Л.И. Повышение эффективности социального обеспечения // Л.И. Пронина. – М.: Экономика, 1990. – С. 38-42.
3. Толковый словарь Д.Н. Ушакова. URL: <http://ushakovdictionary.ru/> (Дата обращения 28.11.21).
4. Шарин В.И. Социальное обеспечение и социальная защита: некоторые вопросы теории и практики URL: <https://cyberleninka.ru/article/n/sotsialnoe-obespechenie-i-sotsialnaya-zaschita-nekotorye-voprosy-teorii-i-praktiki> (Дата обращения 28.11.21).
5. Конституция РК - 30 августа 1995 года (с изменениями и дополнениями по состоянию на 23 марта 2019 года).
6. Официальный сайт центра развития трудовых ресурсов URL: <https://iac.enbek.kz/>
7. Официальный интернет-ресурс Министерства труда и социальной защиты населения Республики Казахстан <http://www.enbek.gov.kz/ru/node>
8. Бюро национальной статистики Агентства по стратегическому планированию и реформам Республики Казахстан URL: <https://stat.gov.kz/> (Дата обращения 01.11.21).
9. Официальный информационный ресурс Премьер-Министра Республики Казахстан URL: <https://www.primeminister.kz/ru/news/reviews/zashchita-socialnyh-prav-grazhdan-cifrovizaciya-uslug-pensionnaya-reforma-realizaciya-vazhnyh-socialnyh-proektov-po-itogam-2020-goda-261535>
10. Указ Президента Республики Казахстан от 16 июня 1997 года №126 «О государственных социальных пособиях по инвалидности и потере кормильца в Республике Казахстан» URL: [http://https://online.zakon.kz/document/?doc\\_id=30061449#sub\\_id=0](http://https://online.zakon.kz/document/?doc_id=30061449#sub_id=0)

REFERENCES

1. Besschetnova O.V. Social'naja politika i social'naja zashhita v Rossii: sushhnost' i perspektivy razvitiya / O.V. Besschetnova - Vestnik Cheljabinskogo gosudarstvennogo universiteta. – 2007. – № 16. – S. 150-155 [in Russian]
2. Pronina L.I. Povyshenie jeffektivnosti social'nogo obespechenija / L.I. Pronina. – M.: Jekonomika, 1990. – S. 38-42 [in Russian]
3. Tolkovyj slovar' D.N. Ushakova. <http://ushakovdictionary.ru/> (Data obrashhenija 28.11.21). [in Russian]
4. Sharin V.I. Social'noe obespechenie i social'naja zashhita: nekotorye voprosy teorii i praktiki <https://cyberleninka.ru/article/n/sotsialnoe-obespechenie-i-sotsialnaya-zaschita-nejkotorye-voprosy-teorii-i-praktiki> Data obrashhenija 28.11.21). [in Russian]
5. Konstitucija RK - 30 avgusta 1995 goda (s izmenenijami i dopolnenijami po sostojaniju na 23 marta 2019 goda). [in Russian]
6. Oficial'nyj sajt centra razvitiya trudovyh resursov <https://iac.enbek.kz/> [in Russian]
7. Oficial'nyj internet-resurs Ministerstva truda i social'noj zashhity naselenija Respubliki Kazahstan <http://www.enbek.gov.kz/ru/node> [in Russian]
8. Bjuro nacional'noj statistiki Agentstva po strategicheskomu planirovaniju i reformam Respubliki Kazahstan <https://stat.gov.kz/> (Data obrashhenija 01.11.21) [in Russian]
9. Oficial'nyj informacionnyj resurs Prem'er-Ministra Respubliki Kazahstan / <https://www.primeminister.kz/ru/news/reviews/zashchita-socialnyh-prav-grazhdan-cifrovizaciya-uslug-pensionnaya-reforma-realizaciya-vazhnyh-socialnyh-proektov-po-itogam-2020-goda-261535> [in Russian]
10. Ukaz Prezidenta Respubliki Kazahstan ot 16 ijunja 1997 goda №126 «O gosudarstvennyh social'nyh posobijah po invalidnosti i potere kormil'ca v Respublike Kazahstan» [http://https://online.zakon.kz/document/?doc\\_id=30061449#sub\\_id=0](http://https://online.zakon.kz/document/?doc_id=30061449#sub_id=0) [in Russian]

**А.С. Токсеитова, Е.Г. Князева, А.К. Омарова**

**ИССЛЕДОВАНИЕ И АНАЛИЗ СОЦИАЛЬНОЙ СФЕРЫ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН**

**Аннотация**

В современном научном обществе существует значительная дифференциация мнений по понятиям «социальное обеспечение» и «социальная защита», поэтому в статье рассматриваются проблемы теоретического осмысления сущности этих понятий, их соотношение и разница. Рассматривается сущность современной системы социального обеспечения, функции которой определяются как в обществе в целом, так и в системе социальной защиты населения в частности.

Одной из приоритетных задач государства является обеспечение благосостояния граждан путем организации деятельности социальной системы, в частности – развития системы социальной защиты. Показаны гарантированные государством виды социальных выплат в виде пенсий и пособий гражданам. Определены минимальные материальные и духовные блага для человека, при которых он может жить и развиваться в соответствии с качеством жизни, определенным ООН. Показаны расходы государственного бюджета на социальную защиту в Республике Казахстан 2016-2020 годы. В статье также проведен анализ количества и размера средств получателей пенсий и пособий, выплачиваемых из государственного, местного бюджета и внебюджетных фондов в связи с переходом граждан в определенное состояние (пенсионер, инвалидность, безработица, потеря кормильца, рождение ребенка, безработица по уходу ребенка).

**A. Toxeitova, E. Knyazeva, A. Omarova**

**RESEARCH AND ANALYSIS OF THE SOCIAL SPHERE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN**

**Annotation**

There is a significant contrast of the opinions concerning the concepts of «social security» and «social protection» in the modern scientific society, therefore, the problems of theoretical conceptualization of the essence of these terms, their relationship and difference are discussed in the article. The article also considers the content of the modern system of social security and its functions from two points of view, namely, by the society and by the social protection system of the population.

### ***Менеджмент және маркетинг / Менеджмент и маркетинг***

To ensure the well-being of citizens by organizing social activities, in particular, the development of the social protection system, is one of the priority tasks of the government. The social benefits that our state guaranteed in the form of pensions and allowances are shown. The minimum material and spiritual benefits for a person, under which he or she can live and develop following the quality of life, defined by the UN, have been determined. The state budget expenditures for social protection in the Republic of Kazakhstan in 2016-2020 are presented. The article provides the analysis of the quantity and amount of funds the recipients of pensions and benefits are paid from the state local budgets and the extra-budgetary funds connected to the change of their status (pensioner, a disabled or an unemployed person, breadwinner loss, childbirth, childcare).

